

ДУБЛИНДІК ДЕСКРИПТОРЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІНІҢ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Ержанова Д.Ж.

Педагогика және психология мамандығының магистранты

Ғылыми жетекші: Абишев Н.А., п.ғ.д., профессор

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: dinaraa-87@mail.ru

Мақалада дублиндік дескрипторлардың және пәндік құзіреттер негізінде оқыту нәтижелерінің сипаттамасын, жалпы және пәндік құзіреттердің анықтамасын, модульдік қағидат бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеуге қойылатын талаптарды қамтиды. Осыған орай университеттік білім беру жүйесінде дублиндік дескрипторды жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық талаптары жаңа идеяда, жаңа тұрғыда қарастыру мәселесі туындап отыр.

Тірек сөздер: дублиндік дескриптор, модульдік білім беру бағдарламалары, психологиялық-педагогикалық талаптар, оқу жоспары, оқу бағдарламалары, оқыту нәтижелері, құзіреттіліктер.

Статья содержит описание дублинских дескрипторов и результатов обучения на основе предметных компетенций, определение общих и предметных компетенций, требований к разработке образовательной программы по модульному принципу. В связи с этим возникает вопрос о рассмотрении психолого-педагогических требований реализации дублинского дескриптора в системе университетского образования в новой идее, в новом контексте.

Ключевые слова: дублинский дескриптор, модульные образовательные программы, психолого-педагогические требования, учебный план, учебные программы, результаты обучения, компетенции.

The article contains a description of the Dublin descriptors and learning outcomes based on subject competencies, the definition of general and subject competencies, and the requirements for the development of an educational program on a modular basis. In this regard, the question arises of considering the psychological and pedagogical requirements for the implementation of the Dublin descriptor in the university education system in a new idea, in a new context.

Key words: dublin descriptor, modular educational programs, psychological and pedagogical requirements, curriculum, training programs, learning outcomes, competencies.

Бүгінгі таңда қоғамдағы өзгерістер Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойып отыр. Білім беру жүйесінің ерекшелігі – білім алушының қандай да бір іс-әрекетке құзіреттілігін дамыту болып табылады. Ұлы педагог Ы.Алтынсарин «Оқытушы бағалағанда олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау керек» деп, айтқандай, оқушы жетістігін нақты бағалау мәселесі – білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Осыған орай білім беру жүйесінде Дублиндік дескрипторды жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық талаптары жаңа идеяда, жаңа тұрғыда қарастыру мәселесі туындап отыр [1, 15-17 б].

Дескрипторлар – біліктіліктер шеңберіне жататын атау. Жалпыланған түрде біліктіліктің түрлі деңгейлерінің оқылу нәтижелерін сипаттайды. Дескрипторлар жүйесі

өзгермейтін, яғни нақты білім беру мән-мәтініне байланбаған болып табылады, бұл біліктіліктерді салыстыруды жеңілдетеді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде анықталған білім беру жүйесінде Дублиндік дескрипторды жүзеге асыру мәселесін зерттеу үшін жетекші ғалымдардың әдіснамалық маңызы бар еңбектерінің жан-жақтылығын көрсетті.

Дублиндік дескриптор жайында зерттеген шетел ғалымдары Kennedy, D., Krathwohl, D.R., Dave, R.H, Masia, B.B, Daly, S., Scott, L., Webster, F., Pepper, D. & Jenkins, A, Wright, T. & Cochrane, R., Бабин, Я. Я. Болюбаш, А. А. Гармаш және т.б. ғалымдар өз ойларын атап көрсеткен. Silén, C., Hughes, P., В. В. Егоров, О. Е. Лебедев, Д.А.Еделев, В.М.Кантере, В.А. Матисон, С. Е. Шишов дублиндік дескрипторды оқу бағдарламасы негізінде зерттеп қарастырған [2, 3-5 б].

Оқушылардың білім нәтижелерін бағалау оқыту үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады, оқыту үдерісін басқарудың түйінді кілті бағалауда деп те айтуға болады. Көптеген жылдар бойы оқушы жетістігі басқа оқушымен салыстырмалы түрде бағаланып келді. «Бағалау» термині «жақын отыру» латын тіліндегі мағынада – бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады.

Өз кезегінде, білім беру сапасын жоғарылату оқушылар жетістіктерін бағалаудың нақты критерийлерін жасауды талап етеді. Бағалаудағы ерекше амал критерий арқылы бағалау болып табылады. Критериалды бағалау – бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу-танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі, яғни белгілі бір дескрипторлар арқылы бағалау болып табылады.

Бағалау процесі білім беру процесінің тұрақты компоненті болып табылады, сонымен бірге дамуға жатады. Олар бағалау жүйесінің кемшіліктерін сипаттай отырып, баға оқушылардың ақыл-ой белсенділігін тежемеуі керек деп баса айтты. Студенттердің оқу жетістіктерін бағалауға қатысты мәселелер де бірнеше рет зерттелді (Ш.А. Амонашвили, Б.Ж.Л.Беспалко, В.В.Давыдов, А.И. Липкина, А.Н. Майоров, В.М. Полонский, Е.И. Перовский, А.А. Рيان, Н.М.Скаткин, Д.В.Чернилевский, Д.Б.Эльконин және т.б.). Қазіргі қоғамның барлық талаптарына және білім алушының жеке қажеттіліктеріне жауап беретін әмбебап бағалау жүйесін құру қажеттілігі дәлелденді (Ш.А. Амонашвили, Б.Г. Ананиев, А.Б. Воронцов, И.В. Гладкая, А.А. Рин, Д.Б. Эльконин, И.С. Якиманская және басқалар). Бағалау теориясының дамуына елеулі үлес қосқан зерттеушілер болды, олар бағалауды білім беру қызметі нәтижесінде анықтады, бағалау процесінің жүйелі сипатын атап өтті және бағалауды алдын-ала белгіленген стандартпен жүргізуді ұсынды. Көптеген ғалымдар (А.А.Бодалев, Л.И.Божович, Г.И.Малковская, Н.Г.Морозова, Н.А.Русина, Н.В. Селезнев және т.б.) бағалау мәселесін әлеуметтік позициялардан қарастырды. Ғалымдардың пікірінше, білім алушылардың білімдік-танымдық мотивациясы мен ынталандыруын, білім жетістіктерін қалыптастыру мақсатында бағалау процесін сауатты ұйымдастыру сияқты проблемалар аз емес. М.В. Золотова, А.Н. Майорова, В.М. Полонский, Д.В. Чернилевский, ол бағалау критерийін белгілі бір стандарт, оқушылардың оқу жетістіктерін жақсартуға ынталандыру мағынасы бар оқу материалын меңгеру деңгейінің көрсеткіші ретінде қарастыруды ұсынды [3, 13-16 б].

Дәстүрлі педагогикада баға түсінігі оқу үдерісінің сапалық көрсеткіші ретінде бір жақты қарастырылады. И.П. Подласыйдың пікірінше, баға – нақты меңгерілген білім, білік пен меңгеруге ұсынылған білім мен біліктің ара-қатынасы болып табылады.

Кеңес психологиясында өзін-өзі бағалау мәселесі теориялық деңгейде терең зерттелінген. (Б. Г. Ананьев, Л. И. Божович, С. Л. Рубинштейн, И. В. Чеснокова, В. А. Ядов және т.б.).

Өзіндік бағалауды түсіндіруде К. Левин мотивтер, қызығушылықтар, талаптану деңгейі және олардың динамикалық арақатынасын қарастырды. Осы орайда, түрлі

тапсырмаларды орындаудағы жетістіктер мен сәтсіздіктерге, талаптану деңгейіне, шағын топтардағы статусқа өзін-өзі бағалаудың тәуелділігі туралы фактілер анықтала бастады.

Сондай-ақ, кеңес психологтары өзіндік бағалаудың әлеуметтік детерминациясына мән береді. Белгілі ғалымдар Л. И. Божович, А. А. Бодалев еңбектерінде тұлғаның өз қасиеттері мен құрылымдарын ұғыну және өзіндік бағалаудың белгілі бір деңгейі – өзін-өзі тәрбиелеудің алғышарты, осы процестің маңызды факторы деп есептеді. Өзіндік бағалау деңгейі мен тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуге тәуелділігі өзіндік реттелуде қарқындылықты қамтамасыз етеді [4, 13-16 б].

О.Е.Лебедев мектептегі білімге қатысты білім беру бағдарламасының тұжырымдамасын қарастыра отырып, мектептің білім беру бағдарламасы «Мектеп әкімшілігінің, мұғалімдердің, оқушылардың, олардың ата-аналарының ортақ мақсаттарға жету үшін бірлескен іс-қимыл бағдарламасы» деп санайды» [5, 3-5 б].

В.В.Егоров бағдарламаның нормативтік аспектісіне назар аударады: «Білім беру бағдарламасы-бұл нақты мекемедегі білім мазмұнын және осы мазмұнды жүзеге асыру технологиясын анықтайтын құжат» [6, 151 б].

С.Е.Шишов «Білім беру бағдарламасы – бұл білім беру мазмұнының ерекшелігін және білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін сипаттайтын білім беру мекемесінің Нормативтік-басқару құжаты» деп баса айтады»

Білім алу үдерісіне кедергі тигізбейтін және біздің жан салып жасап жатқан ісімізге пайдалы да әділ баға беретін жүйе ...»- дегеніндей, қалыптастырушы бағалау дұрыс ұйымдастырылған жағдайда мұғалім білім алушылардың іс-әрекеттеріне байланысты түсінік, ұсыныс т.с.с. бере отырып, жүйелі түрде кері байланысты қамтамасыз етеді.

Ғылыми зерттеулерде осы уақытқа дейін білім беру жүйесінде Дублиндік дескрипторды жүзеге асыруды тиімді қолданудың жеткіліксіздігі, қазіргі білім беру жағдайына сәйкес, қарастырылып отырған мәселе теориялық және практикалық тұрғыда қажетті деңгейде шешімі толық табылған жоқ. Білім беру жүйесінде Дублиндік дескрипторды жүзеге асыруді тиімді қолданудың жеткіліксіздігі арасында бірқатар қарама-қайшылықтар байқалып отыр. Қарама-қайшылықтар зерттеу жұмысында келесі мәселелерді шешудің жолын анықтайды. Мұндай жағдайды өзгертудің бір жолы – білім беру жүйесінде дублиндік дескриптор талаптары ерекшеліктерін ескере отырып, модульдерді, оқыту нәтижелерін, құзіреттіліктерді дұрыс жүйелі түрде қолданып, оқыту нәтижесінің 5 негізі арқылы жүзеге асыру. Қарама-қайшылықтарды болдырмау үшін бес балдық жүйенің қазіргі заманға сай білім жүйесін қанағаттандыра алмауы, білім алушы танымындағы өзгерістер мен білім саласындағы қалыптасқан қайшылықтар, әлеуметтік сұраныстардың өзгеруі, дескрипторды жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық талаптарын анықтау қажет болды. Бұл біздің зерттеу жұмысымыздың көкейкестілігін көрсетеді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде біздер зерттеуге алған проблеманың өз дәрежесінде зерттелмеуі, Дублиндік дескрипторды жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық талаптарын баяндайтын жұмыстардың жоқтығы, оның көкейкестілігін көрсетіп отыр.

Зерттеу мақсаты: Білім беру жүйесінде Дублиндік дескрипторлардың психологиялық-педагогикалық негіздерін білім мазмұны мен әдістемесін жалпыламалауда мұғалімнің кәсіби дайындығы мен оқушылардың білім деңгейін көтеру.

Егер білім беру жүйесінде Дублиндік дескрипторды жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық талаптары теориялық моделі мен оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің компоненттері ғылыми негізделіп, білім беру жүйесіне толықтай ендірілсе, онда психологиялық-педагогикалық талаптары жоғары деңгейде қалыптасады, өйткені ұсынылған модельмен оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мұғалімнің кәсіби дайындығы мен оқушылардың білім деңгейін көтереді.

Дескрипторлар бәрін қамтитын етіп жазылған оқу нәтижелеріне қарамастан оқу нәтижелерінің спектрі немесе институционалдық контекст, базалық білім беруден бастап, докторлық дәрежеге дейінгі мектеп және біліктілігі жоқ жұмыс деңгейлері немесе жоғары

кәсіби деңгейде жүзеге асырылады. Олар жұмысшылар сияқты, оқу жағдайлары, академиялық және кәсіби шарттары, сондай-ақ бастауыш және үздіксіз білім беру немесе оқыту, яғни оқытудың барлық нысандары ресми және бейресми қарастырылады [3, 31-35 б].

Сонымен қатар, дескрипторлар мамандандыруды жалпылайды. Осылайша, көптеген академиялық және зерттеу контекстінде міндетті түрде талап етілетін дағдыларға жоғары деңгейге жету мүмкін емес. Дескрипторлар жеткілікті дәрежеде болу үшін жазылған дескрипторларды төмендегі деңгейден ажырату немесе алдыңғы деңгеймен салыстырғанда жоғары және төмен көрсеткіштерді өзгеру өлшемдеріндегі айқын прогресс.

Дублиндік дескриптор-цикл аяқталғаннан кейін білім алушы білуі, түсінуі немесе білуі тиіс нәрсенің сипаттамасы.

Дублиндік дескриптордың негізгі көрсеткіштері:

- Оқыту нәтижелері;
- құзіреттіліктер;
- естс жүйесі бойынша дублин дескрипторлары.

Дублиндік дескриптордың 5 негізгі нәтижелері:

- Білу және түсіну;
- білімді қолдану және түсіну;
- алған білімін қалыптастыру;
- коммуникативті қабілеттері;
- оқу дағдылары немесе оқу қабілеті.

Білу және түсіну - жалпы орта білім негізінде қалыптасқан оқу саласындағы білім мен түсініктерді көрсету және зерттеу саласындағы ең озық біліммен байланысты белгілі бір аспектілерді қамтиды.

Білімді қолдану және түсіну - Олар өз білімдері мен түсініктерін еңбек қызметіне немесе мамандыққа кәсіби көзқарасты қуәландыратын тәсілмен қолдана алады және әдетте зерттеу саласындағы дәлелдерді қалыптастыру және негіздеу және проблемаларды шешу арқылы көрсетілетін құзыреттерге ие.

Алған білімін қалыптастыру - әлеуметтік, этикалық және ғылыми кескіндерді ескере отырып, пайымдауды дамыту үшін ақпарат жинай және түсіндіре алады

Коммуникативті қабілеттері - әлеуметтік, этикалық және ғылыми кескіндерді ескере отырып, пайымдауды дамыту үшін ақпарат жинай және түсіндіре алады.

Оқу дағдылары немесе оқу қабілеті - жоғары деңгеймен оқуды жалғастыру үшін қажет білім беру саласындағы дағдыларға ие.

Зерделей келе дублиндік дескрипторлардың оқыту нәтижесін қолдана келе білімді кеңейту, білімді тереңдету, қолданбалы, жүйелі, коммуникативті құзіреттіліктер қалыптасады.

Дублин дескрипторларын жүзеге асыру бойынша модульдік білім беру бағдарламаларын қалыптастыру алгоритмі:

- Дублиндік дескрипторларды ескере отырып, модуль пәндерінің мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және қалыптастырылатын құзыреттерді МЖМБС негізінде анықтау;

- дублин дескрипторларына сәйкес модуль мен құзіреттілікті қалыптастыру үшін пәнаралық байланысты анықтау;

- еңбек нарығын және жұмыс берушілердің болашақ мамандарға қойылатын талаптарын зерделеу;

- бағдарламаның толық және нақты сипаттамасы (бағыты/бейіні, мамандығы), мақсаттары мен міндеттері;

- дублин дескрипторларына сәйкес келетін жалпы және арнайы құзыреттер тұрғысынан бағдарлама бейініне сәйкес оқыту нәтижелерін анықтау[7, 34-42 б].

Қортындылай келе, қазіргі таңда білім беру жүйесінде дублиндік дескриптордың негізгі көрсеткіштері, оқыту нәтижелері, құзіреттіліктер білім беру бағдарламасын, оқу бағдарламасын, оқу жоспарын жүйелі, бірізді меңгеруде септігін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау», 55-бет, 107-бет
2. Explaining the European Qualifications Framework for Lifelong Learning http://ec.europa.eu/dgs/education_culture.
3. Жексембинова А.К. Университеттік білім беру жүйесінде болашақ әлеуметтік педагогтардың зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру: дисс. философия докторы (PhD). – Алматы, 2017. – 150 б.
4. «Модульдік білім беру бағдарламаларының жасалымы туралы» Ереже Өскемен қ 2015 ж
5. Лебедев О.Е. Компетентностный подход в образовании // Школьные технологии. – 2004. – № 5. – С.3-5.
6. Шишов С. Е., Кальней В. А. Школа: мониторинг качества образования. 3-е изд., испр. и доп. М.: Пед. общество России, 2000. 316 с.
7. Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. – 2003. №5. – С. 34-42.